**Бекітемін Аманшеева А.Ж** **Тәрбиеші Спан.Г.Т**

**Білім беру ұйымы М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ «Жауқазын» шағын орталығы**
**Топ «Қошақан»** ересек тобы
**Балалардың жасы** 4-5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 21-25 қараша 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.<br>**Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар»**<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту.<br>**Сойлеуді дамыту** | Әнұран айту.<br>Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. Көк байрақтың кескінін жапсыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Суретті толықтыр»**<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету.<br>**Жапсыру** | Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу.<br>**Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?»**<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>**Математика негіздері** | Әнұран айту.<br>Балалармен әңгімелесу Күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын балалардан сұрау. **«Қай аспап жоқ?»**<br>Мақсаты: Балалардың зейінің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Музыка** | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.<br>**Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап»**<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.<br>**Құрастыру** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата – | **Ата-аналармен әңгіме**:<br>Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | | | | тәртібін сақтауға дағдылану. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **«Дөңгелек»** Мақсаты: Шығармашылыққа деген қызығушы-лықтарын дамыту; тұзды қамыр және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; **Мүсіндеу** | **«Біреу-көп»** Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау,ойлау қабілеттерін дамыту. **Математика негіздері** | **Үстел-үсті ойыны:** «Түсін тап» **Мақсаты:** түстерді сәйкестіндіру<br><br>Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру; **Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Көшедегі үйлер»** Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. **Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Менің досым»** Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. **Сөйлеуді дамыту** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені (**қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. | | | | |
| | № 8 | № 9 | № 10 | №11 | № 12 |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар**<br>**Жүру:** өкшемен жүру, | **Қазақ тілі**<br>**Тілдік дамытушы орта**.ыбыстық сөйлеу мәдениеті.<br>**Көркем әдебиет** Әдеби | **Дене шынықтыру**<br>**Секіру**: 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау.**<br>**Көркем әдебиет** Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды | **Дене шынықтыру**<br>**Лақтыру:** заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызықтардың бойымен жүру, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу.<br>**Сөйлеуді дамыту** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Математика Сан,** | шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру.<br>**Математика Шама**. Биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру.<br>**Қоршаған орта** Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. | арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру<br>**Сөйлеуді дамыту** Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Математика** Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге | өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жұмбақ шешу.<br>**Математика Геометриялық фигуралар**. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және дене кубты танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, | метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).<br>**Сөйлеуді дамыту Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **санау**. 3-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беру. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Қоршаған орта Жануарлар әлемі.** Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, коректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы | **Сурет салу**. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>**Мүсіндеу** Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>**Жапсыру** Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді қиюда қолдану.<br>**Құрастыру**Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен | үйрету.<br>3 көлемінде тура санауға жаттықтыру.<br>**Қоршаған орта** Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. | салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, жоғары-төмен).<br>**Қоршаған орта Жануарлар әлемі.** Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, коректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Музыка** Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, | қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Математика Шама**. Биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру.<br>**Қоршаған орта** Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Сурет салу** Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу .<br>**Мүсіндеу** Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге | орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру | **Сурет салу** Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу .<br>**Мүсіндеу**<br>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Заттардың (жануарлар, құстар) толық пішіні пайда болғанға дейін мүсіндеу.<br>**Жапсыру**<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.<br>Түзу сызық | музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Сурет салу**. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау<br>**Мүсіндеу** Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, | болмауы, қыста - құстарды коректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.<br>**Сурет салу**<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>**Мүсіндеу**<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорциялард |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кызығушылығын арттыру.<br>**Жапсыру**<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.<br>Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | | бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.<br>**Жапсыру**<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді қиюда қолдану.<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | ы сақтау, бөліктерді біріктіру.<br>**Жапсыру**<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.<br>Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс материалдарын ан, «лего» конструкторлар дан құрастыру. |
| **Серуен** | № 8 | № 9 | № 10 | №11 | № 12 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **«Нан қайдан келеді?»**<br>Мақсаты: Нанның адам еңбегімен келетінін,оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Тостаған»**<br>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету.<br>**Сурет салу** | **«Өз үйін тап» ойыны**<br>Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.<br>**Математика негіздері** | **«Күзгі жапырақтар»**<br>Мақсаты:<br>Балаларға күзгі жапырақтардың түсімен таныстыру. Күзде жапырақтардың неліктен сарғаятындығын айтып түсіндіру.<br>**Жапсыру** | **«Менің Отаным-Қазақстан»**<br>Мақсаты:<br>Балаларға Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүюге тәрбиелеу.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы: «Қоңырау»**<br>Сыңғырлайды қоңырау,<br>Сыңғыр-сыңғыр етеді.<br>**Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Аделя, Досжан | **Көркем әдебиет**<br>**«Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев**<br>Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету.<br>Арман, Жандос | **Саусақ жаттығуы: «Қоянның құлағы»**<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>**Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Жансая, Аяла | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Екі дос» (өлең)<br>Қадыр Мырза Әли<br>**Мақсаты:**<br>Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br>Бекзат, Нұркен | **Саусақ ойыны:**<br>Саусағымда сақина<br>Санап көрші кәнеки<br>1,2,3 Бір, екі үш<br>Демалайық жинап күш.<br>Айлин, Нұржігіт |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты | Құмнан түрлі құрылыстарды құрастыру үшін формаларды | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен | Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | дайындау. | барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. | | және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. |
| **Серуен** | № 8 | № 9 | № 10 | №11 | № 12 |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Түрлі балалар әрекетінде (ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу ,эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету ) іске асырылады | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |